

5. 现代汉语词汇讲义 / 钱玉莲著 — 北京 北京大学出版社 2006.8
6. «Қытайша қазақша идиомдар сөздігі». («汉哈成语词典») Үрімжі. Шынжаң Халық баспасы. 1987.
7. «Қытай тілінің идиомдар үлкен сөздігі» («成语大词典») 商务印书馆 北京 Пекин. 2006.
8. 汉英词典 (A Chinese-English Dictionary) / 姚小平编 — 北京 外语教学与研究出版社 2009.11

Бұл мақалада қытайдың Иін Яң бес түпкі элемент іліміне негізделіп, ежелгі дәуірдегі қытайлардың бес негізгі

түсінің бірі, қытай дәстүрлі мәдениетіндегі қара түске тіл және мәдениет тұрғысынан талдау жасалып, қытай тіліндегі “黑hei” – “қара” түстің ұлттық-мәдени табиғаты айқындалды.

This article discusses the symbolic meanings about the black color in Chinese culture. The symbolic of black colour that is especially significant in Chinese traditional culture has been thoroughly described from the language and cultural standpoint.

К. Е. Құралбаева

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ ШЕТ ЕЛ ТАҚЫРЫБЫ

Халқымыз тарихтың сан тарау жолдарында көптеген халықтармен мәдени байланыс, қарым-қатынастар жасады. Соның айғақты іздері қазақ әдебиетінің әр саласынан табылады. Тіпті, біздің жыл санауымызға дейінгі ХХХ-ХХ ғасырда жазылған шумерлердің /сумер/ «Гильгамеш» жыры мен одан беріректегі Авестаның іздерінің сілемдерін аңғаруға болады. Ондағы жазылған мифтар, кейін тараған Құран хикаялары, араб-парсы, үнді сюжеттері әдебиетімізде күні бүгінге дейін жеткен. Әдебиет арналарының біздің жыл санауымызға дейін-ақ басталатындығы жөнінде Су Бихай-дың қытайдың көне деректері негізінде жазған еңбектері тың дүниелердің бетін ашатындығы айқын. [1,5]

Қисса оқиғаларының негізгі фабулалық желілері ең көне шығыстық мифтерде жатыр. Ежелгі ғашықтық сюжеттердің бірі «Жүсіп-Злиха» желісін алсақ, оның архетипі заманымыздан да бұрынғы Египетте ауызша-жазбаша тараған Иосиф аңызынан алып, Иосиф пен Асенеф махаббатын суреттейтін шығарма етіп жазған грек апокрифінде (діни-тақырыптағы көркем шығарма), арғы жағында, Тауратқа кірген Иосиф пен Потифордың жұбайының оқиғасында жатыр.

Қазақ жазба әдебиеті ХІХ-ХХ ғасыр басында қалыптаса келіп, поэма, повесть, роман жанрының тууына негіз болғанын көреміз. Абай поэмалары «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі», Мағауя Абайұлының «Медғат-Қасымында» қиссаның кейбір ерекшеліктері сақталған. Тіпті, С. Торайғыровтың «Қамар сұлуы» да ежелгі қиссалық дәстүрден әлі ажыратылмаған шығарма.

Қазіргі қазақ әдебиетінде шетел тақырыбында қалам тартқан жазушылар да аз емес. Олардың бірі Сабыр Шәріповтың «Ләйлә», «Рузи Иран», Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Айқай», Төлен Әбдіковтың «Тозақ оттары жымындайды» шығармаларында өзге елдің салт-дәстүрі, тарихи оқиғалары баяндалған.

Сабыр Шәріповтың «Ләйлә» повесі – Иран халқының адал ұл-қыздарының арманын тарихи дамудың болашағы деңгейінде суреттеген тамаша туынды. Ләйләнің істеген ерлігі мен көрген қорлығы немесе оның жары Ғабдолланың іс-әрекеті махаббат шеңберінен асып түсіп, халық бақытына жеткізетін азаттық күресіне ұласады. Бұл жөнінен оларға жол сілтеп, темір-қазық жұлдызындай бағдар берген орыс жұмысшыларының қозғалысы екенін автор қоғам заңдылықтарына сүйене отырып көркем суреттейді. Әрине, автордың Ләйләсі мен Ғабдолланың ұстаған бағыты әбден айқын болған жандар емес, армандары азаттық пен бақыт болғанымен, оған қалай жетудің жалпы нобайын оймен долбарлағаны болмаса, нақты жолды біле бермейді, саналы күрескерлерден гөрі санасыз әрекеттер басым, олардың күресі сәбидің тәйтәйі деңгейінде, дегенмен жүру талабы күшті. Сәбидің өсу, ер жетуі, көздеген мақсатының орындалуы сондай табиғи болғандығына автордың сенімі мол.

«Ләйлә» повесінің негізгі қоғамдық және көркемдік мәні – Шығыс елдерінің ояну процесінің алғашқы кезеңінен дұрыс суреттеуінде, оның болашағына ұлы нысана тұрғысынан қарай білуінде.

Осыған орай «Ләйлә» повесінің қазақ әдебиетінде шетел тақырыбына жазылған шығарма-

лардың қарлығаштары екенін ұмытпаған жөн. С. Шәріповтың бұл шығармалары халықаралық тақырыптарды жалпы сарынмен суреттей салған еңбек емес, онда басқа елдің қоғамдық құрылымына, салт-дәстүріне қазақы көзқараспен баға беруі біз үшін құнды болып табылады.

Т.Нұрмағамбетов прозасындағы идеялық-көркемдік ізденістер өлім фактілері, кайғылы ситуацияларға белгілі бір суреткелік мақсат жүктеу-жазушыға тән және бұл ретте де қаламгер әлемдік әдебиетте қалыптасқан іргелі дәстүрлерді еркін игеріп, меңгергенінің куәсі боламыз.

Шынайы шындықтан шабыттанған Т.Нұрмағамбетов шығармашылығындағы шуақты уақыт деп соңғы онжылдықты айта аламыз. Бүгінгі өмірдің тауқыметін суреттеген грек-түрік соғысы тақырыбына арналған «Айқай» повесі жарық көрді.

«Айқай» жинағының алғы сөзінде өзінің Туркия еліне сапары, ескі Анкара қорғанын аралауы, сонда көрген жайларын, бөленген әсерін тамсана айта келе, көне түрік мінез өнер сүйер қауымды бей-жай қалдыра қоймас құдіреті, оның таза түріктік болуы себепті, тарихы да арғы замандарға енетінін сезіп жүргенде, теледидардан түрік соғысын бейнелеген сериал көріп, айналып келгенде осылардың барлығының да осы повестің тууына себепші болғанын айтады. Жазушы әсіресе, Дионистің бейнесін жасауда атақты шешен бишісі Махмуд Әсембаев тағдырының себепші болғанын айтады.

«Айқай»- ертедегі түрік-грек соғысын баяндаған шығарма. Негізгі авторлық идея осы бір атынан бесіктегі бала түршігетін қасіреттен жапа шеккен, қайғының қара бұлтын төндіретін зұлмат- күштің жанды ауыртар жарасынан, ащы дәмінен тыс қалған бұл әлемде халықтың да, елдің де жоқ екенін, соғыс салған сұмдықтардың талай жүректердің түбінде мәңгі жатталып, қанжардай қадалумен қалатынын ескерте келе автор азат еліміздің аспанында шөкімдей де бұлты көрінбесе екен деп тілейді. «Айқай» повесі-жазылмас дертке душар болған қарапайым түрік баласының тағдырын баяндайды. Мұндағы авторлық нысана-соғыс жеңушінің қуанышы, жеңілушінің қайғысы ғана емес, соғыс-зауал деген ой, тұжырым. Кірген адамнан жау екен-ау деп сескенбеуі-баланың тым сарыауыздағы әрі бейкүнәлігі деп ойлаған ол қылышын төмен түсіреді.

«Іштей «осы бала аман қалған күннің өзінде де ешкімнің қорғанын бұзып кіре қоймас» деген ой келді тағы да Мехметке. -А-а-а-а! деп қаһарланып айқайлап еді, бала сол сәтте ғана басын

көтеріп, көкшіл көздерін қадап бұған қарады. Бірақ көзінен өштік байқалмайды. Сіз бе едіңіз?- дегендей, сары ауыз баланың аңқау жүзінен тандану сезімі ғана аңғарылады. Бірақ бұл да грек қой, бұл да жау ғой» деп ойлады осы сәтте Мехмед қылышын жоғары көтере беріп.

Ол қылышының екінші рет қайта түсірді. Қылышын қайта түсірткен тағы да баланың жабырқау жүзі мен бикүнә қалпы еді». [3,5]

Шығармашылық жолындағы қаламгердің жаңа бір белгісі – осы повесі. Өйткені осы уақытқа дейін бүгінгі өмір мен замандас бейнесіне қалам тербеп келген жазушы енді әлемдік тақырыптарға қадам басады. Бұл шығармада жалпы адам психологиясы, адамзат бейнесінің сан қыры ашылып, мәңгілік сұрақ тудырып келе жатқан–соғыс мәселесі, соған сай өрілген философиялық ойлар қорытылады. Еліміз тәуелсіздік алған соң жазылған бұл көркем туындыда туған елге деген сағыныш, адамды жерден, атамекеннен айырудың ең бақытсыздық екені, сонымен қатар туыс түрік халқының өткен өмірінің қиын-қыстау шақтарына кісіні еріксіз жетелететін оқиғалар баяндалады.

Төлен Әбдіковтің «Тозақ оттары жымыңдайды» атты повесінде оқиғаның табиғи даму желісін қуатты талант өрісінің аясында ұстай білген жазушы дана кейіпкердің ішкі психологиялық арпалысы арқылы эпикалық кең тынысты дүние туғызған.

«Аяймын... Қатты аядым. Өзімді орнына қойып қарап едім, төзе алмайды екем. Өзімшіл екен деп ойлап едім, олай емес екен. „Адамның,, қаншалықты қорқынышты екенін біле тұра, қорлықтың барлығын адамнан көре тұрып, адамға көмек көрсету, өмірін құтқару...» [5,14]

Автордың шетел тақырыбына қалам тартып беймәлім елдің азаматының бейнесін сомдауының өзі батылдық, себебі повесте оңтүстік американы мекендеген тайпалар, олардың тарихын зерделеп желіге қосуы, тайпалардың жер бетінен жойылып құрып кетуі баяндалады. Онымен жазушы не айтпақ болды дерсіз? Айтары көп екенін түсініп оқып шыққан адам ғана ұғады деп ойлаймыз.

1. Қыраубаева А.М. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988.-160б.

2. Қыраубаева А.М. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы: Рауан, 1997. 140б.

3. Нұрмағамбетов Т. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Өлке, 2005. -260б.

4. Әбдіков Т. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1974.-182б.

5. Шарипов С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1982. -484б.